

"Capital Stroy V" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 22 маусымдағы № 188 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Capital Stroy V" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2032 жылғы 21 ақпанға дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Нығмет Нұрмақов ауылдық округі жерлерінде орналасқан жалпы ауданы – 1777,77 гектар жер учаскелеріне қаумдық сервитут белгіленсін.

2. "Capital Stroy V" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Қарқаралы ауданының әкімінің м.а.

С.Мусин

Қарқаралы ауданының әкімдігінің

2026 жылғы "___" _____

№ _____ қаулысына

қосымша

"Capital Stroy V" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі (2026 жылғы 21 ақпандағы №4133-ЕЛ лицензиясы)

--	--	--	--	--

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	қауымдық сервитут белгіленуге ж а т а т ы н учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	ШҚ басшысы Бакенов Рымбек Замашович	09:133:064:084	2500,0	544,33
2	ШҚ басшысы Канафин Дастан Алпысбекович	09:133:064:108	3543,59-	1107,35
3	ШҚ басшысы Сағындыков Аян Шугаевич	09:133:064:078	606,3765	12,27
4	ШҚ басшысы Зияшев Кайрат Имашевич	09:133:064:173	4409,5	22,06
5	-	Босалқы жерлер	-	91,76
	Барлығы			1777,77

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК